

## БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

## "Ұстаз - ұлы есім"

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.04.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/55971/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» — деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр – сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз. Бала бойында білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін басты тұлға — ұстаз. Адам жанын нұрландырар ұғымының ұлысы – ұстаз. Елбасымыз Н. Назарбаев халқымыздың болашағы туралы тереңнен толғай, «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені олар- біздің ұлтымыздың болашақ айнасы» дегені мәлім. Олай болса, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаз – баға жетпес биік тұлға. Ұстаз! Осынау сөзде қаншама мән – мағына жатыр десеңізші! Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар. Ол – Ұстаз!

Ұстаздық ұлы қасиет. Ұстаз – білім нәрімен сусындаған жан. Өскелең ұрпақтың, болашақта елінің еңселі азаматы болып қалыптасуы, отбасымен қатар ұстаздардың берген тәрбиесіне тікелей байланысты. Шәкірт тәрбиелеу кез келген адамның қолынан келетін шаруа емес. Ұстаздың жеген жемісі бұл оқушының шыққан белесі. Ел ертеңі болып табылатын, әр шаңырақтың үміт күткен ұл-қыздарының бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп қалыптастыру мейірбан жүректі ұстаздардың қолынан келетін іс. Мектеп табалдырығын аттаған сәтте алдымыздан жадыраған жаздай жылы жүзімен қарсы алып, партаға отырғызып, қолымызға қалам беріп, әріп үйретіп, кітаптың алғашқы бетін ашқан сәттен -ақ өмірдің ақ пен қарасын, жақсы мен жаманын, оңы мен солын, әрқашан жақсы өмір сүріп, жақсы адам болып қалу жолын үйретуге білек жеңін түріп кірісіп кеткен де осы ұстаз.

Ұстаз — Жер деген әлемнің бетін көркейткен, шәкірттеріне шуақ төккен Күн-Ана. Ұстаз – ақылдың тозбайтұғын асылы. Қасиетті мамандық иелерінің ішіндегі жауһары. Өзге мамандық атаулылары өздерінің түр-сипатын мың құбылтып жатса да, еш

өзгеріссіз сол бәз баяғы қалпында жас ұрпаққа адамгершілік қасиеттердің дәнін екен диқаншы.

Менің мамандығым – мұғалім. Қиындығы мен қызығы мол осы мамандықты бала күнімнен армандадым. Адам баласына көмектесу – игілікті істердің бастамасы. Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана адам өзін бақытты сезінеді екен. Тоғыз жыл бұрын Ең алғаш «Ұстаз» деген атаққа ие болдым. Күнделікті таңертең мектеп ауласына жақындағанда, балалардың сыңғырлай күлген дауыстары мені қуанышқа бөлейді. Мектепке кіргеннен-ақ, өзімді мазалаған сан түрлі ойлардан арылып, оқушыларымның тәтті қылықтарымен әдемі жүздерінен шаттанамын. Мектеп — балалардың екінші үйі болса, ал ұстаздар екінші анасы десек те артық етпейді. Әр үйдің еркелерін бір арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Алайда баланың тілін тауып, тілдесу, жақсы тәрбие берудің өзі бір үлкен ғанибет. Менің мамандығым әлемдегі ең қажет мамандықтардың бірі. Себебі менің жүрегімнің қалауымен армандаған менің арманым. Өз мамандығымды мақтан тұтамын. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол – өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны не бір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады. Ұстаздың осыншама қадір-қасиет, құрметке бөленуі өзін қоршаған орта мен әрбір шәкіртіне асқан сезімталдықпен, жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында. Өйткені оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі шәкіртке де, ата-анаға да, жұртшылыққа да өнеге.

Ойымды қорытындылай келе, Ұстаз есімі – ұлы есім! Өз уақытын аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын ұстаздық кәсіп- өте қарапайым болып көрінгенмен, баламен баладай тіл табыса білетін мінезді, қайсарлықты, қажырлы еңбекті, жүректілікті, шығармашыл да теориялық жағынан білімді, ізденгіштікті талап ететін және қазіргі заманның тілімен айтсақ қағазбастылыққа шыдай білетін жанның ісі. Бізді мектеп бітіргенше тәрбиелеп адам қылатын да, жоғары оқу орнын бітіртіп шебер маман қылатын да осы ұстаз екенін ұмытпауымыз керек. Қырық бес жыл хан сарайында шалқып өмір сүрген патша болсақ та, әкім болсақ та, тілімізден бал тамған ақын болсақ та, қырық бес минутта білім мен тәрбие дәруменін бойымызға дарыта білген ұстазға қарыздар екенімізді ұмытпайық.

Ұстаз ұлы тұлға, біз оның алдында әрдайым шәкірт болып қала бермекпіз!!!

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.